

## **Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 31 қазандағы № 505-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 қазанда № 35315 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 26) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту және "Ақпарат саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 101 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 25 ақпандағы № 50 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26942 болып тіркелген);

2) "Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 570 бұйрығының 1-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31495 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрі  
2024 жылғы 31 қазандағы  
№ 505-НҚ бұйрығымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке қою қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар ) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 26) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы);

2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесін қамтитын ақпараттық жүйе (бұдан әрі – Портал);

3) электрондық цифрлық қолтаңба-электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

4) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)) – лицензиялауды, сәйкестендіру нөмірін бере отырып, рұқсат алу бөлігінде рұқсат беру рәсімдерін электрондық түрде жүзеге асыруға, өтініш берушінің хабарлама жіберуге және осы процестерді қамтамасыз етуге арналған "электрондық үкіметтің" құрамдас бөлігі болып табылатын ақпараттық жүйе.

5) бірыңғай тізілім - осы Қағидалардың 1-қосымшасында көзделген мәліметтерді қамтитын, Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын есепке қойылған шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының тізбесі.

## **2 тарау. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібі**

3. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу көрсетілетін қызметті алушының өтініші негізінде жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу осы Қағидалардың 3-тарауында көзделген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету шеңберінде есепке қою арқылы жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке қою жүзеге асырылғаннан кейін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын есепке қойылған шетелдік мерзімді баспа басылымдары туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізеді.

7. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын есепке қойылған шетелдік мерзімді баспа басылымдары туралы мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу мерзімі есепке қойылған күннен бастап 5 жұмыс күнін құрайды.

### 3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі

8. Қазақстан Республикасында масс-медиа саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге " электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) Порталы арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсетуге негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттар тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді, төлемді растайтын құжатты көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері көрсетілген мерзімдерде уәкілетті орган басшысының немесе оның орынбасарларының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті одан әрі қараудан бас тартады және өтініш берушіге Порталдағы жеке кабинетіне жібереді.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны ( тәсілі) туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті алушыға тыңдау туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабының 1-тармағына сәйкес тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді басылымдарды есепке алу туралы анықтаманы не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының Порталдағы жеке кабинетіне басшының немесе оның орынбасарларының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

11. Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген кезде көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

### **3-тарау. Орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

12. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымды адам, масс-медиа саласындағы жоғары тұрған уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрі  
2024 жылғы 31 қазандағы  
№ 505-НҚ  
Қазақстан Республикасының  
аумағында таратылатын  
шетелдік мерзімді  
баспасөз басылымдарын  
есепке алу қағидаларына  
1-қосымша

(Қазақстан Республикасының  
аумағында таратылатын  
шетелдік мерзімді  
басылымдарды есепке алу  
туралы анықтама беретін  
органның толық атауы)

## Өтініш

Сізден Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды сұраймын.

Таратушының деректері:

\_\_\_\_\_

ұйымдастыру-құқықтық нысанын көрсете отырып, дара кәсіпкердің/заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_

(жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), тіркеу құжатының нөмірі және берілген күні)

\_\_\_\_\_

(тіркелген жері, нақты мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық мекенжайы)

Р/с№	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдары атауларының тізбесі	Шетелдік мерзімді баспасөз басылымдары н тарату аумағы	Таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарының тілі (тілдері)	Негізгі тақырыптық бағыты	Мерзімділігі	Таратыл атын даналардың болжамды саны
1.						
2.						

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" ҚР Заңына сәйкес пайдалануға келісемін.

\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(бірінші басшының/дара кәсіпкердің қолы)

Мөр орны \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(бар болса)

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрі  
2024 жылғы 31 қазандағы  
№ 505-НҚ  
Қазақстан Республикасының  
аумағында таратылатын  
шетелдік мерзімді баспасөз  
басылымдарын есепке алу  
қағидаларына  
2-қосымша

"Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік қызметін көрсетуге негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру "электрондық үкімет": <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> , <a href="http://www.elicens.e.kz">www.elicens.e.kz</a> . веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі –10 (он) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (жартылай автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі .
		1) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік

7	Жұмыс кестесі	<p>бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары Министрліктің <a href="http://www.mam.gov.kz">www. mam. gov. kz</a> интернет-ресурсының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p>
		<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p>



9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p>
10	Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары <a href="http://www.tam.gov.kz">www.tam.gov.kz</a> интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде көрсетілген, мемлекеттік қызметтер көрсету</p>

	мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.
--	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК